«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨҢДЕУ

Пән коды: ӘЭП 02
Пән: «Адам денсаулығының социобиологиялық аспектілері және саясаттану»
Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»
Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»
Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 24/1
Теория: 24
Курс: 2
Семестр: 4
Бақылау түрі: Сынамалы сынақ.

Шымкент, 2025 ж.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ А.Т. Сатаев

№1- сабақ

5.1.Сабақтың тақырыбы: Саясаттану ғылымы. Саяси ғылымының даму тарихы және негізгі кезеңдері.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Сабақтың мақсаты:Саясаттанудың, әдіс-тәсілдерін, қызметтерін жете меңгерту

оқыту: Білім білік дағдыларын қалыптастыру.

тәрбиелік:Сұлулық тәрбиесі,өнердегі сұлулықты түсіне білу.

дамыту: Еріктілікті дамыту,танымдық қызығушылықты арттыру.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.
2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру - 25 мин
3.Жаңа сабақты түсіндіру - 35 мин
4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
5. Сабақты қорытындылау- 5 мин
6.Үйге тапсырма беру -5 мин

1) Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.

а)Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

5.3. Дәріс тезистері:

3) Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

Ақпаратты – дидактикалық бөлім.

-Саясат дегеніміз не?

-Саясаттанудың негізгі қарастыратын мәселелері.

Саясаттану сөзі гректің “саясат” және “ілім” деген сөздерінен шыққан, саясат туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.

Басқа қоғамдық ғылымдардың ішінде саясаттанудың орны ерекше. Себебі, адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарды. Адамдар саясаттың сырын, мәнін өте ерте заманнан-ақ ұғынғысы келді. Бірақ біздің дәуірімізге дейінгі II – I мыңжылдықтардағы саяси пікірлер діни-мифологиялық сарында болды. Соған орай олар билік, қоғамдық – саяси тәртіп құдайдың құдіретімен орнайды деп түсіндіреді.

Кейінірек адамзаттың іс – тәжірибесінің, ақыл – ойының мәдениетінің дамуына байланысты саясаттың ұғымдары, түсініктері, тұжырымдамалары пайда бола бастайды. Қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымы мен қатынастарының одан әрмен күрделіленуі, материалдық өндірістің, халық санасының өсуі оның өміріне мемлекеттің тікелей араласуына әкеліп соқтырды. Мұндай жағдайда ұлы ойшылдар саясатты ғылыми тұрғыдан түсінік, осы орында пайдаланудың, мемлекетті тиімді басқарудың жолдарын іздестіре бастады. Бұдан келіп саяси теориялар туды.

Әдетте саясаттанудың негізін қалаушы деп данышпан ғылым Аристотельді атайды. Өйткені ол өз дәуірінде лицей ашып, сонда саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып, өзі жүргізді. «Саясат»

деген еңбек жазып, онда ежелгі грек мемлекеттерінің (онда әрбір қала мемлекет болып саналатын) саяси жүйесін зерттеді. Дегенмен ұлы ғалым саясаттану пәнін қазіргі біздің түсінігіміздей басын ашып бере алмады. Ол саясаттың негізі адамның өзімшіл, хайуандық табиғатында жатыр деп ұқты. Жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді. Сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, жалпыға ортақ игілікке әділеттілікке жетуді жеңілдету, адамның адамгершілік қасиетін арттыру үшін саясат жүргізу керек деп түсінді. Сонымен қатар ол саясаттану мәселелерін этика, фәлсафа (философия) мәселелерімен бірге қарады.

Саясаттану пәнінің қалыптасуына мол үлес қосқан Италияның XVI ғасырдағы ойшылы Н. Макиавелли болды. Ол саяси зерттеулерінің ең бастысы етіп, мемлекеттік билікті қойды. Сонымен қатар ол саяси ойды діни – мифологиялық емес, шын мәнінде іске асыруға болатын нақтылы өмірдің туған мәселелерді шешуге бағыттады.

Феодализмнің ыдырап, капиталистік қатынастардың қалыптасуы қоғамды демократияландырып, жалпыға бірдей сайлау құқығын кіргізуге, көпшілік саяси париялар мен қазыналардың қанат жаюына, ақпарат құралдарының өрістеуіне әкелді. Халықаралық мемлекетаралық қатынастардың ауқымы кеңейді, саясаттың қызметтері мен міндеттері күрделеліне түсті. Сондықтан саяси құбылыстар мен процестердің арнайы зерттеуге, саясаттану теорияларын жасауға тура келді. Бұл ретте Дж. Локк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Т. Пейн, И. Кант, Гегель сияқты көрнекті ғалымдар көп еңбек сіңірді.

Саясаттану XIX ғ. екінші жартысында өзінің қазіргі бейнесіне келіп, өз алдына пән ретінде қалыптасады. 1857 жылы АҚШ-тың Колумбия колледжінде Френсис Либер деген оқымысты «тарих және саяси ғылым» деген кафедра ашады. 1990 жылы КСРО ның ғылыми және техника бойынша Мемлекеттік комитет «Саяси ғылымдар» деген атпен саяси ғылым қызметкерлерінің тізімін ресми түрде бекітті. 1990 жылдан бастап ТМД-ның басқа елдерінде саясаттану оқытыла бастады. Қазір біздің Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында дерлік бұл ғылым жеке пән ретінде өтілуде.

Ежелгі кезең (б.з.д. VI ғ. – б.з. V ғ.)
Платон
Аристотель
Цицерон
Конфуций

Ортағасырлық кезең (V – XV ғғ.)
Аврелий Августин
Фома Аквинский
Әл-Фараби
Ибн Халд

Қайта өрлеу және Жаңа заман кезеңі (XVI – XVIII ғғ
Никколо Макиавелли
Томас Гоббс
Джон Локк
Шарль Луи Монтескье
Жан-Жак Рус

Қазіргі заманғы кезең (XIX – XX ғғ.)
Карл Маркс
Макс Вебер
Владимир Ленин
Ганс Моргентау

Қазіргі кезең (XX ғасырдың ортасы – бүгінгі күнге дейін)

Саясаттану толыққанды әлеуметтік ғылым ретінде танылды.
Демократия, азаматтық қоғам, жаһандану, гендерлік саясат, экосаясат т.б. жаңа тақырыптар зерттелуде.

5.4.Көрнекі материал:

Материалды техникалық жабдықталуы:
а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.
б) оқыту орны: дәріс аудиториясы

4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.
-Саясат деген не, ол қашан пайда болды?
-Саясаттанудың негізгі қарастыратын мәселелері?
-Саясаттану өз алдына қашан жеке пән ретінде қалыптасты?
1. Көне Шығыстағы саяси ойлар тарихының ерекшелігі неде?
2. Көне Үндістандағы касталық жүйенің қоғам өміріндегі орны мен рөлі қандай? Саяси ілімдер тарихы
3.Көне Қытайдағы саяси мектептерді атап өтіңіз.
4.Конфуций ілімдерінің қытай қоғамындағы орны қандай? (өткен заманмен салыстырыңыз).
5.Аристотельдің саяси философиялық көзқарасы қандай болды?
6. Көне Грекиядағы саяси ілімдер тарихының ерекшелігі неде?
7. Аристотель мен Платон идеяларындағы орта таптың негізгі рөлі қандай?
8. Ежелгі Римдегі саяси ілімдерге сипаттама беріңіз.

1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.

2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.
5) Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.5. Бақылау сұрақтары:

1.Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
Үйге тапсырма беру. 5 мин

1.Тапсырма: Саясаттанудың сіздің мамандығыңызға әсері –эссе жазу

№2- сабақ.

5.1.Тақырыбы: Саяси билік.
Саяси жүйе туралы ұғым,мемлекет және азаматтық қоғам.
Мемлекеттің пайда болуы.
Саяси партиялар мен қоғамдық- саяси қозғалыстар.
Демократия.

Сағат саны: 90 мин
Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Билік пен мемлекет – қоғам дамуының өзегін талдау.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.
2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру - 25 мин
3.Жаңа сабақты түсіндіру - 35 мин
4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
5. Сабақты қорытындылау- 5 мин

6.Үйге тапсырма беру -5 мин

Ұйымдастыру кезеңі: 5- мин.
а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.
а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау.
Жаңа сабақты түсіндіру:35 мин
5.3. Дәрістің тезисі:
"Билік" сөзі әр мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына объектісіне байланысты былай бөлуге болады:

Ата-аналар билігі.
Мемлекеттік билік.
Экономикалық билік.
Саяси билік.
Әлеуметтік билік.
Құқықтық билік.
Әскери билік.
Рухани билік, т.с.с.

Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең негізгі түріне жатады.
Биліктің басқа түрлерімен салыстырғанда саяси биліктің мынадай ерекшеліктері бар оның өктемдік сипаты, оның бүкіл қоғамның атынан билік жүргізуі, басқарумен кәсіби айналысатын адамдардың мүддесін қорғауы, басқа мекемелерге қарағанда билік органдарының тәуелсіздігі, қоғам өмірінің жұмыс тәртібін белгілеуде жеке-дара құқығы, мемлекет шеңберінде ашық күш қолдана алуы, т.с.с.
Мемлекеттік биліктің негізгі түрлері:
1. Заң шығарушы билік
Міндеті: Заңдарды қабылдау, өзгерту немесе жою.
Құрылымы: Парламент, мәжіліс, ұлттық жиналыс сияқты орган.
Мысалы: Қазақстандағы Мәжіліс пен Сенат.
2. Атқарушы билік
Міндеті: Заңдарды іске асыру, мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.
Құрылымы: Үкімет, Президент, министрліктер.
Мысалы: Қазақстан Республикасының Үкіметі, Президент әкімшілігі.
3. Сот билігі
Міндеті: Заңдардың дұрыс орындалуын бақылау, құқық бұзушылықтарды анықтап, шешім шығару.
Құрылымы: Соттар, оның ішінде Конституциялық, Жоғарғы және аудандық соттар.
Мысалы: Қазақстанның Конституциялық кеңесі, Жоғарғы соты.

Биліктің бөліну принципі — әрбір билік түрі тәуелсіз жұмыс істеуі тиіс, бір-бірінің өкілеттігіне заңсыз араласпауы керек. Бұл демократияның негізі болып табылады.

Саяси жүйе - саяси жүйе – бұл қоғамдағы билік пен саясаттың ұйымдасу және жұмыс істеу формасы.

Биліктің легитимділігі

Биліктің лигитимділігі— бұл биліктің қоғам тарапынан **құқықты және әділ деп танылуы**, яғни сол биліктің қабылдануы мен мойындалуы.

Мысалы, егер халық билікке сенсе, оның шешімдерін қолдаса және сол билікке бағынса, онда ол билік легитимді болып саналады. Ал егер билік күшпен ұсталып, халық мойындамаса немесе қарсылық көрсетсе, онда ол легитимді болмайды.

Қысқаша:

Легитимділік — биліктің қоғам тарапынан заңды әрі дұрыс деп қабылдануы.

Ол биліктің тұрақтылығы мен тиімділігі үшін маңызды.

Легитимді билік халықтың сеніміне сүйенеді.

Мемлекеттің пайда болуы

Мемлекет – белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы.

Діни теория – мемлекеттің, мемлекеттік биліктің пайда болуының құдайлық бастамасын негізге алады, «барлық билік құдайдан» деген тұжырымдаманы бекітіп, жақтайды. Бұл теорияның көрнекті өкілдерінің бірі – Фома Аквинский.

5.4.Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар

Жаңа тақырыпты бекіту: 15 мин.

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

1.Тапсырма: сөзжұмбақ құрастыру

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.5. Бақылау сұрақтары:

Саяси ғылымның даму кезеңдерін атаңыз

Қайта өрлеу дәуірінің өзіндік ерекшелігі

Н.Макиавеллидің саяси көзқарасы

Үйге тапсырма беру. 5 мин

№3- сабақ.

5.1.Тақырыбы: Саяси элита және саяси топ бастаушылық. Адам және саясат, саяси субъектілер. Әлеуметтік топтар мен этникалық бірлестіктер.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Саяси элитаның кім екенін түсіндіру

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.
2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру - 25 мин
3.Жаңа сабақты түсіндіру - 35 мин

4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
5. Сабақты қорытындылау- 5 мин
6.Үйге тапсырма беру -5 мин

Ұйымдастыру кезеңі:5 - мин.

а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру-25 мин.

а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезисі:

Саяси элитаның түсінігі мен қызметі.

"Элита" термині француздың еііie деген сөзінең шыққан, сұрыпталған, тандалған, іріктелген деген мағынаны білдіреді. XVIII ғ. бастап ол сөзбен жоғары сапалы товарларды атады. XX г. бастап саясаттану мен әлеуметтануда білімі, байлығы, беделі, билігі жоғары адамдардың азғантай әлеуметтік тобын білдіреді.

Тарихи жағынан алғанда адамдарды ел билеуші тандаулыларға және олардың дегенін істейтін бағаныштыларға бөлу идеясы өте ертеден бастау алады. Мысалы, Конфуций (б.з.б. 551— 479) адамдарды асыл азаматтарға (билеуші элитаға) жәнетөменгі (карапайым) адамдарға бөлді. Платон билеуші-философтарға, әскерлерге, егіншілер мен кәсіпшілерге ажыратты. Алайда элитарлық теорияны көзқарастар жүйесі ретінде XX ғ. басында италия ғалымдары Г. Моска, В. Парето, неміс Р. Михельс және т.б. қалыптастырды.

Саяси элита түрлері туралы бірнеше классификация бар, бірақ ең көп тараған және негізгі түрлері мыналар:

Ірі саяси элита (жоғарғы элита)

Мемлекеттің ең жоғарғы билік органдарында, үкіметте, президент аппараты мен парламентте отырған адамдар. Олар шешім қабылдауда негізгі рөл атқарады.

Ортаңғы саяси элита

Жергілікті билік органдарында, партиялық құрылымдарда, мемлекеттік мекемелерде қызмет ететін адамдар. Олар шешімдерді жүзеге асырады және үкімет саясатын орындауда қатысады.

Жергілікті саяси элита

Аймақтардағы, қалалардағы, ауылдардағы билік өкілдері, әкімдер және т.б.

Тағы да басқа түрлері бар, мысалы:

Кәсіби элита — саясат саласында ұзақ уақыт жұмыс істеген, тәжірибесі мол мамандар.

Қоғамдық элита — мәдениет, бизнес, ғылым, спорт сияқты басқа салаларда ықпалы бар, саяси шешімдерге әсер ететін адамдар.

Ішкі және сыртқы элита — ішкі елдегі немесе сырттан келген саяси топтар.

Қысқаша айтқанда, саяси элитаның түрлері оның деңгейі мен саласына байланысты бөлінеді.

5.4.Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар
а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

1.Тапсырма: эссе жазу

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.5. Бақылау сұрақтары:

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Саяси ғылымның даму кезеңдерін атаңыз
2. Қазақ даласындағы саяси ойдың өзіндік ерекшелігі
3. Қазақ ойшылдарының саяси көзқарастары

1.Әл-Фарабидің саяси көзқарасы

2. Тәуке ханның «Жеті жарғысы»
3. Солидаризм, элитаризм түсінік
4. Плюрализм, тоталитаризм, фашизм ұғымдары

Үйге тапсырма беру. 5 мин

№4 сабақ.

5.1.Тақырыбы:. Саяси идеология.

Саяси мәдениет және саяси әлеуметтену.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Саяси сана және саяси идеология. Қазіргі идеялогияның негізгі түрлері. Саяси мәдениет туралы ұғым,оның мәні мен қызметтері. Саяси мәдениеттің жіктелуі

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.
2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру - 25 мин
3.Жаңа сабақты түсіндіру - 35 мин
4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
5. Сабақты қорытындылау- 5 мин
6.Үйге тапсырма беру -5 мин

Ұйымдастыру кезеңі:– 5 мин.

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.25 мин

а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезисі:

Саяси идеология – саяси сананың жоғары деңгейі есебінде саяси билікке байланысты түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін бейнелейтін көзқарастардың, идеялардың, құндылықтардың жүйеленген жиынтығы болып табылады. Оның басты мақсаты - әлеуметтік топтардың

мүдделерін негізге ала отырып, қоғамдық проблемаларды тұтас ашып көрсету және оларды шешудің, туындайтын міндеттерді іске асырудың жолдары мен әдіс-амалдарын анықтау, соған көпшілікті жұмылдыру. Ол теориялық тұжырымдар, саяси тұғырнамалар мен бағдарламалар арқылы көрініс табады. Саяси идеология деңгейлері - қызмет істеу деңгейлері: теориялықтұжырымдық, бағдарламалық-саяси және өзектілік. Теориялық-тұжырымдық деңгейде нақты тап (ұлт, мемлекет) идеалы мен құндылықтарын немесе саяси даму мақсаттарын ашатын негізгі қағидалар қалыптасады. Бағдарламалық-саяси деңгейде әлеуметтік-философиялық принциптер мен идеалдар бағдарламаларға, саяси элитаның нақты ұрандары мен талаптарына айналады. Яғни, басқару шешімдерін қабылдаудың нормативтік негіздерін қалыптастырады. Өзектілік деңгей идеология мақсаттары мен принциптерінің азаматтармен игерілуін, оларды өз істерін- де қолдану деңгейін сипаттайды. Саяси идеологияның негізгі функциялары: Саяси идеология қызметі - қоғам өмірінде идеология маңызды рөл атқарады. Ол ең алдымен оның төмендегідей қызметтерінен білінеді: 1) Идеологияның танымдық рөлі. Ол саяси жүйені, саясиөмірді суреттеп, түсіндіреді; 2) Бағдарламалық қызметі. Ол қоғам, әлеуметтік прогресс, тұлға және билік және т.с.с негізгі түсініктер туралы мағлұматтар беріп, адамның іс- әрекетіне бағыт-бағдар көрсетеді; 3) Жұмылдыру, іске тарту. Қоғамның жоғары, құнды идеяларын алға тартып, мақсат-мүдделерді айқындап, саяси идеология саяси іс-әрекетке тікелей түрткі болып, қоғамды, әлеуметтік топтарды оларды іске асыруға жұмылдырады, рухтандырады, шабыттандырады; 4) Амортизациялық қызметі. Саяси іс-әрекетті түсіндіру тәсілі болып, идеология әлеуметтік шиеленістерді бәсеңдетеді. Ұсынылған мұраттар сәтсіздіктен кейін күш жинап қайта серпілуге шақырады; 5) Бағалау қызметі. Идеология халық санасына қоғамның қазіргі және болашақтағы дамуына өлшемдік баға берерлік жағдай жасайды, үстемдік етіп отырған қоғамдық тәртіпке белгілі бір кәзқарас тудырады. Бұл міндеттердің тиянақты орындалуы саяси идеологияның қаншалықты дәрежеде ғылымға сүйенетіндігіне байланысты.

Саяси мәдениет (ағылш. *political culture*, ағылш. *cultura* - тәрбие, білім, даму) - белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің жиынтығы. Яғни, өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар, адамның өзін-өзі ұстауы жөніндегі жарлық, қаулылар жүйесі. Ол қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған ең алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың, топтардың, ұлттардың өзін-өзі мәдени ұстай білуі, осы жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті кіреді.

Саяси мәдениет құрылымы

Саяси мәдениет құрылымы - ең алдымен қоғамның саяси өмірінің әр түрлі жақтарын бейнелейтін әдеттегі қалыптасқан түсініктер жатады. Ол саяси жүйе мен оның институттары, саяси тәртіп, билік тетіктері мен басқару, т.б. Саяси мәдениеттің келесі құрамдас бөлігіне саяси қазыналар мен құндылықтар жатады. Ол "еркіндік", "тендік", "әділдік", т.б. сияқты байлықтардың қайсысына басымдық, артықшылық беруден байқалады. Келесі бөлігі - адамдардың мемлекетке, саяси партиялар мен ұйымдарға қатынасы. Саяси мәдениетке саяси бағдар ұстау да кіреді. Ол субъектілердің саяси құбылыстарға қатынасын білдіреді. Ол саяси білімін көтеру немесе оған мән бермеу, саяси жұмысқа белсене қатынасу немесе қатынаспау және т.б. түрде көрініс табуы мүмкін. Саяси мәдениетте әдет-ғұрып, жүріс-тұрыстың да орны зор. Саяси мәдениеттің ерекше белгісіне саяси рәміздер жатады. Әр халық өздерінің ғасырлар бойғы дәстүрлеріне сай ұлттық-мемлекеттік рәміздерін жасайды. Оған ең алдымен Жалау, Елтаңба, Әнұран, Ата Заң, ұлттық валюта және т.б. енеді.

Саяси мәдениетке жалпы саяси жүйе мен оның институттарының қызмет етуі кіреді. Ол мемлекеттің, партиялардың және т.б. сайлауды ұйымдастыруын, әр түрлі деңгейде қабылданған

саяси шешімдердің, саяси-әлеуметтік шиеленістерді ұғыну және зерттеудің мәдениеттілігін қамтиды.

5.4.Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Глоссарий

Қазақ тілінде	орыс тілінде
Ағылшын-американдық	
Құрылықтық-еуропалық	
Индустрияланбаған	
Жарым-жартылай	
Тоталитарлық	

1.Тапсырма: эссе жазу. Саяси ғылымның тарихын оқып білудің маңызы

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.5. Бақылау сұрақтары:

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Саяси ғылымның даму кезеңдерін атаңыз
2. ХХғ саяси ілімдері
3.Солидаризм, элитаризм түсінік
4. Плюрализм, тоталитаризм, фашизм ұғымдары
1. Биліктің қандай анықтамалары бар
2. Биліктің қандай қызметтері бар
3. Биліктің жіктелуі
4. Саяси билік дегеніміз не?
5. Мемлекеттік билік дегеніміз не?
6. Қазақстандағы биліктің түрлері
1. Жүйе дегеніміз не?
2. Саяси жүйенің қызметтерін ата?
3. Саяси жүйе құрылымының бөліктерін ата?
4. Саяси институттарға нелер жатады?
5. Саяси ережелерді ата?
6. Саяси жүйенің жіктелуі
7.Мемлекет дегеніміз не
8.Мемлекет қашан пайда болды
9.Мемлекттің пайда болу теориялары

Үйге тапсырма беру. 5 мин

№5- сабақ.

5.1.Тақырыбы: Саяси шиеленіспен саяси процесс.

Саяси процес және саяси бейімделу.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: қоғамның саяси режимінің мәні мен типтерін, сайлау жүйелері мен саяси партиялардың негізгі түрлерін ашу.Саяси партиялардың пайда болуын ұғындыру

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.
2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру - 25 мин
3.Жаңа сабақты түсіндіру - 35 мин
4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
5. Сабақты қорытындылау- 5 мин
6.Үйге тапсырма беру -5 мин

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезисі:

Саяси шиеленіс — бұл қоғамда әртүрлі саяси күштердің (топтардың, партиялардың, әлеуметтік таптардың, этностардың, т.б.) қарама-қарсы мүдделері мен мақсаттарының қақтығысуынан туындайтын жағдай. Ол қоғамдағы тұрақсыздықтың белгісі болып табылады. Саяси шиеленіс — кез келген қоғамда орын алуы мүмкін табиғи құбылыс. Алайда оны дер кезінде шешіп, конструктивті арнаға бұру – билік пен қоғамның бірлескен жауапкершілігі. Демократиялық мемлекеттерде шиеленіс келісім мен диалог арқылы шешіледі, бұл – тұрақты дамудың негізі.

Шиеленіске адамзат өте ертеден-ақ көңіл аударған. Мысалы, б. з. б. VII—VI ғасырларда қытай фәлсафашылары дүниедегі нәрселердің бәрінің қозғалыс көзі оң (ян) және теріс (инь) бастаулардан тұрады деп есептеді. Ежелгі грек фәлсафашысы Герак- лит заттар мен құбылыстардың дамуы қарама-қарсылықтардың күресінен туады деді. Макиавелли қоғамдық процестердің дамуында қайшылықтардың пайдалылығын атап көрсетті. Гегель қарама-қарсылықтардың қайшылықтары мен күресін жоғары бағалады. Саяси шиеленістер теориясына әсіресе көп көңіл бөлген — марксизм. Маркс пен Энгельс "Коммунистік партияның манифесінде": "Ерікті мен құл, патриций мен плебей, помещик пен крепостной, мастер мен кіші мастер, қысқасы, езуші мен езілуші бірімен-бірі ылғи антатонист болып, бірде жасырын, бірде айқын түрде үздіксіз күресіп келді, бұл күрес әрқашан бүкіл қоғам тұрмысын революциялық түрде қайта құрумен немесе күресуші таптардың жалпы жойылуымен тынып отыратын" деген.

-Негізгі ерекшеліктері: Мүдделердің сәйкес келмеуі, қарым-қатынастың ушығуы, қоғамдық пікірдің бөлінуі, қақтығыс қаупінің артуы.

-Саяси шиеленістің себептері: Әлеуметтік әділетсіздік – бай мен кедейдің арасындағы теңсіздік, этносаралық немесе дінаралық қайшылықтар – әртүрлі ұлттар мен діни топтар арасындағы қатынастардың ушығуы, билік үшін күрес – саяси элиталар арасындағы бақталастық, саяси шешімдерге наразылық – халықтың үкіметтің шешімдерімен келіспеуі, ақпараттық және идеологиялық қақтығыстар – бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы таралатын қарама-қайшы ақпараттар.

-Саяси шиеленістің түрлері: Ішкі саяси шиеленіс – бір мемлекеттің ішінде орын алады (мысалы, оппозиция мен билік арасындағы дау), сыртқы саяси шиеленіс – мемлекетаралық қатынастардағы қайшылықтар (мысалы, шекара даулары), этносаяси шиеленіс – ұлттық немесе этникалық топтардың қатысуымен болатын қақтығыстар, діни-саяси шиеленіс – діни көзқарастар мен саяси ұстанымдардың қайшылығы.
Саяси шиеленістің кезеңдері: Жасырын кезең – қайшылықтар әлі ашық түрде көрінбейді, ушығу кезеңі – наразылықтар, шерулер, пікірталастар белсенді түрде өрбиді, қақтығыс кезеңі – ашық саяси күрес, кейде зорлық-зомбылықпен қатар жүруі мүмкін, шешілу кезеңі – келіссөздер арқылы шешім қабылданады немесе бір тарап жеңеді.
-Шиеленісті реттеу жолдары: Диалог пен келіссөздер – тараптар арасында тікелей сөйлесу, медиация (делдалдық) – үшінші тараптың көмегімен келісімге келу, заң аясында реттеу – сот, парламент, құқық қорғау органдарының араласуы, халықтық дипломатия – азаматтық қоғамның (NGO, БАҚ, ғалымдар) қатысуы, білім және ақпараттандыру – халыққа нақты ақпарат жеткізу арқылы жалған түсініктерді жою.
-Саяси шиеленістің салдары
Теріс салдарлар, қоғамдық тұрақсыздық, экономикалық құлдырау, азаматтық соғыс қаупі, этностар арасында араздық.
-Жағымды (шартты түрде):
Қоғамда өзгерістерге сұраныс артады, саяси жүйені реформалауға итермелейді, әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге түрткі болады.

Саяси процес ұғымы: кең және тар мағынасында қолданылады.
Кең мағынасында ол қоғамның саяси жүйесінің уақыт пен кеңістікке дамып, жұмыс істеуін білдіреді. Тар мағынасында түпкілікті нақты нәтижеге жеткен белгілі бір көлемдегі процесті көрсетеді.
Мысалы, қайсы бір партия не қозғалыстың қалыптасуы, сайлаудың өткізілуі, басқарудың жаңа құрылымының дүниеге келуі және т.с.с. Қоғамдық өмір, оның ішінде саяси сала-өте күрделі құбылыс. Онда өмір сүріп жатқан топтардың, жіктердің, ұйымдардың мақсат-мүдделері кейде қабысып, кейде келіспей, шырмалып жатады. Соған орай күн сайын көптеген өзгерістер болып, бір саяси нұсқаулар дүниеге келіп, екіншілері өз күшін сақтап,
үшіншілері өшіп дегендей, өзгеріп жататыны белгілі. Осындай саяси жүйенің бір қалыпты жағдайдан екінші жағдайға келіп, ауысуын, өзгеруін, қозғалысын саяси процес дейді. Бұл процес саяси деп аталғандықтан ондағы өзгерістер ең алдымен дилікке, оны бөлу және қайта бөлуге, азаматтарды шешім қабылдауға, басқарушылардың қызметін бақылауға және т.с.с. жұмылдыруға, халықтың саяси белсенділігін арттыруға байланысты болады.
Сондықтан саяси процестің басты мәселесі, азаматтардың әр түрлі мүдделерін біріктіріп, жинақтайтын саяси шешім қабылдауға және оны іске
асыруда. Саяси процес-күрделі құбылыс. Ол күнделікті өзгерістерден бастап, қоғамның саяси жүйесінің түбегейлі өзгерісіне дейінгі аралықты қамтиды.

5.4.Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.
Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.5. Бақылау сұрақтары:

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:
1. Саяси режим түсінігі мен түрлерін атаңыз.
2. Тоталитаризм және авторитарлық саяси режимдердің ерекшеліктері неде?
3. Қазақстандағы саяси режим қандай?
4.Саяси парти дегеніміз не
5.Саяси партия құрылымы
6.Саяси партияның қызметтері
7.Саяси партиялардың түрлері
8.Қазақстандағы партияларды ата
9.Солшыл партиялар олардың мақсаттары
Оңшыл партиялар, олардың мақсаттары
Сайлау процесінің этаптары
Үйге тапсырма беру. 5 мин

№6-сабақ

5.1.Тақырыбы: Аралық бақылау №1
Әлемдік саясат.
Сағат саны: 90 мин
Сабақ түрі: теория
5.2. Мақсаты: Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар.
Сабақтың барысы:
1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.
2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру - 25 мин
3.Жаңа сабақты түсіндіру - 35 мин
4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
5. Сабақты қорытындылау- 5 мин
6.Үйге тапсырма беру -5 мин
Ұйымдастыру кезеңі:– 5 мин.
а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.25 мин
а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау.
Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин
5.3. Дәрістің тезисі:
Әлемдік саясат — мемлекеттердің және басқа халықаралық субьектілердің әлемдік сахнадағы іс-әрекетінің жиынтығын айтамыз. Ол әлемдік қауымдастықтың өміріне қатысты шешімдерді шығару және оларды жүзеге асыруды, мемлекеттердің түбегейлі мүдделеріне сәйкес ұстанымдар мен мақсаттарды қамтиды.
Әлемдік саясат халықаралық қатынастардың өзегін құрайды. Оған сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар және халықаралық саясатқа бөлінеді.
Сырқы саясат –жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде іс-әрекеттері жатады.

Халықаралық саясатқа Мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар т.б. арасындағы қоғамдық қатынастарды айтамыз. Халықаралық қатынастар деп халықтар, мемлекеттер Мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саясаттар жиынтығын айтады.
Қазіргі кезде әлемдік саясатты жүргуде қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстардың белсенділігі артып келеді. Халықаралық қатынастарда негізгі рөлді мемлекет атқарады.
Мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы жағдайы, ондағы орны кәптеген себептерге байланысты. Солардың ішінде ең бастысы-мемлекеттер күшінің арақатынасы, арарсалмағы. Бұл мәселелер Қазақстан өз алдына егемендігін алғаннан кейін өзгере бастады. Тілге мемлекеттік мәртебе беріліп, өренді өзгерістер жүруде. Көп ұлтты Қазақстанда саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, мәдени жетістіктеріне байланысты. Халық осы тұрған жері мен заңын, саяси өміріне жауаптылықпен қарауы да заңдлықтарда айтылған.
Қоғамның саяси өмірінде орын алатын мәселенің бірі-дін. Мысалы АҚШ-тағы ұлтазаттық күрес кезінде діни қайраткерлердің көбі реолюцияға қатысып, түрлі азаматтық құқық жағдайлары жөнінде болды. Мұсылман елдерінде ислам мемлекетін құру, ел Конституциясының Құранға сәйкес келуін талап ету, шариат заңдарн сақтау идеялары діннің саяси процесіне ықпал ететіндігін байқатты.
Қазақстан Республикасында заң баптарына сай әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Мұның бәрі елімізде дінге деген көзқарастар түбегейлі өзгеріп, халқымыз адамзат өркениетінің, рухани байлығының бір кзі-дінімен қайта қауышуда.
Халықаралық саясатпен тығыз байланысты ұғым «ұлттық мүдде». Бірақ әлемдегі мемлкекеттердің көпшілігі көпұлтты. Сондықтан Мемлекеттік мүдде мен ұлттық мүдде сәйкес келе бермейді. Ұлттық мүддемен етене байланысатын ьағы бір ұғым «ұлттық қауіпсіздік».
Сыртқы саясаттың қалыптасуына әр түрлі жағдайлар ықпал жасайды. Оның ең маңыздысы-мемлекеттің орналасқан географиялық ортасы. Халықаралық саясатты қалыптастыруға идеологияның да қатынасы бар.
Қазақстанның сыртқы саясатының негізінде өзінің қауіпсіздігін, егемендігі мен территориялық тұтастығын қамтамасыз ететін, мемлекетіміздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіне, республика ішіндегі реформаларды жүзеге асыруға, оның тиімді және әсіңкі экономика, тұрақты демократиялық институттар жасауға, Барлық республика халқының құқығы мен бостандықтарын қорғауға қолайлы жағдайлар жасау мүдделері жатыр.
Жеке адамдардың саяси белсенділігі мен ететін ықпалды әр түрлі. Саясатқа қатысу шамасына қарай олард мынадай түрлерге бөледі. Қоғамның қарапайым мүшесі. Саяси жұмысқа тура араласпайтындар. Өз еркімен саяси жұмысқа араласатындар. Саяси қайраткерлер. Кәсіби саясаткерлер. Жеке адамдардың саяси белсенділікке қатысу мүмкіндігі мол болса, қоғамдағы орны өте жоғары болады. Тұлғаның саяси өмірге белсенді араласуы үшін материалдық, әлеуметтік-мәдени, саяси-құққтық алғышарттар қажет. Сондықтан да демократиялық мемлекет өз мүшелерінің жалпы мәдениетін, оның ішінде саяси сауатын көтеруге тырысады.
Саяси ғылымда негізгі орын алатын және мәні бар мәселелердің бірі- адам бостандықтары мен құқықтары. Жеке адам құқығы мәселесіне аса зор үлес қосып, тарихта өшпес аттарын қалдырған ойшылдар: Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо. т.б. Олар адам құқығының негізгі қағидаларын ең алғаш анықтап, белгілеп бергендер болды.

Сайып келгенде, Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесіне айналды. Сонымен қатар республиканың халықаралық деңгейде мүдделі болып отырған келелі мәселесіқарусызданы мен халықаралық қауыпсіздікті нығайту, аймақтық жанжалдарды реттеу және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялардың тиімділігін арттыру, адам құқықтарын, ортаны, ішкі ахуалды жақсарту мен дамыту.
Қазақстан Республикасы сыртқы саясатты шынайы жүргізумен бірге, өз елінің ішкі ахуалында жақсартып, әлем елдерінің (50 алпауыт елдер) қатарынан шығуды және болашаққа өркениетті, құқықтық қоғам орнатуына сенімі мол егеменді елге айналуды жоспарлап қана қоймай оны өз халқының қолдауымен жүзеге асыруды да саяси бағдарламалармен қызмет жасауда.

№1-ші аралық бақылауға арналған сұрақтар
1. Саясаттану ғылымы.
2. Саяси ғылымының даму тарихы және негізгі кезеңдері.
3. Саясаттану ұғымдары,әдіс-тәсілдері мен қызметтері
4. Саясаттанудың негізгі парадигмалары.
5. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы.
6. Саяси ілімдер тарихы.(Ежелгі дәуірден және қазіргі кезеңге дейін). Қазақ даласындағы саяси ой пікірлер. XX ғасырдағы саяси ілім.)
7. Саяси билік.Саяси жүйе. Демократия.
8. Мемлекет және азаматтық қоғам.Саяси партиялар мен қоғамдық- саяси қозғалыстар.
9. Саяси элита және саяси топ бастаушылық.
10. Тұлға саясаттың субъектісі мен объектісі.
11. Жеке адамның құқығы мен бостандықтары.
12. Әлеуметтік топтар мен этникалық бірлестіктер.
13. Саяси идеология, мәдениет және саяси әлеуметтену.
14. Саяси сана және саяси идеология. Қазіргі идеялогияның негізгі түрлері.
15. Саяси шиеленіспен саяси процесс.
16. Саяси процесс және саяси бейімделу.
17. Саяси жанжалдар.
18. Саяси жанжалдар мен дағдарыстарды реттеудің әдістері мен түрлері.
19. Этносаяси жанжалдар.
20. Саяси процесс туралы ұғым.
21. Саяси процесстің жіктелуі.
22. Әлемдік саясат.
23. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар.
24. Жаңаша саяси ойлау және халықаралық қатынастар.
25. Егеменді Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде.

5.4.Иллюстративті материал:
а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.
Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
1.Тапсырма: сөз жұмбақ
Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.
Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.5. Бақылау сұрақтары:
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:
Саяси элитаның түсінігі
Саяси элитаның қызметі
Саяси элиталардың қалыптасуы
Саяси элиталардың жіктелуі
Үйге тапсырма беру. 5 мин

№7- сабақ

5.1.Тақырыбы: Әлеуметтану -ғылым.
Сағат саны: 90 мин
Сабақ түрі: теория
5.2. Мақсаты: Әлеуметтанудың қалыптасуы, оның зерттеу объектісі мен пәні.
Сабақтың барысы:
1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин.
2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру - 25 мин
3.Жаңа сабақты түсіндіру - 35 мин
4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
5. Сабақты қорытындылау- 5 мин
6.Үйге тапсырма беру -5 мин
Ұйымдастыру кезеңі:– 5 мин.
а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.
Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.25 мин
а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау.
Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин
5.3. Дәрістің тезисі:
Әлеуметтану- қоғам жөніндегі ғылым. Оны өз алдына ғылым етіп, негізін салған француз ғылымы Огюст Конт (1798- 1857) еді. Бұған дейін қоғамның өмір сүруі мен дамуы жөнінде түрлі ілімдер Шығыс және Батыс ойшылдарының жалпы философиялық көзқарастарының құрамдас бөлігі іспетті қарастырылып келген еді. Қоғамның дамуында ғасырлар бойы өзіндік ерекше, бірегей көзқарастар қалыптасып, ол туралы, әсіресе, саясат, мораль, ғылым, дін, өнер мәселелері көне Үнді, көне Қытай, көне грек философтарының, Еуразияның орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде баяндалған болатын. Әлеуметтану философиядан бөлінгенімен, қоғамның біртұтастығын, оны дамытатын қозғаушы күштерді, тағы басқа да проблемаларды қарастырумен шектеліп қалмайды. Ол қоғам өмірінің барлық жақтарын қарастырады, соның ішінде мемлекет, саясат, құқық, экономика, мораль, өнер, дін және қоғамдық дамудың басқа да жақтарына қатысты проблемаларды шешумен айналысып, кейіннен олардың өздерін жекелеген ғылым салаларына, зерттеу пәніне айналдырады. Алайда, қоғам дамуына байланысты оның жекелеген салалары жөніндегі білімнің жинақталуына орай, әлеуметтану бір ғана қоғамдық әмбебап теория ретіндегі рөлін біртіндеп жоғалтты. Оның құрамынан саясаттану, құқықтану,

саяси экономия, этика, эстетика, т.б. бірнеше ғылымдар жеке бөлініп шықты. Содан, яғни XIX ғасырдың ортасынан бастап әлеуметтану дербес ғылым болып дами бастады, бұл жағдай, біріншіден, 5 өзінен бөлініп шыққан білім салаларына қатысты болса, екіншіден, бұған дейінгі әмбебап философиялық жүйелерге де байланысты еді. Бірте-бірте, уақыт озған сайын қоғам дамуын тұтас әлеуметтік организм ретінде қарастыру, оның объективті және субъективті жақтарының өзара әрекеті, тарихи дамудағы материалдық пен руханилықтың диалектикасы, әлеуметтік прогрестің алғышарттары, азаматтық қоғам, гуманизм, әлеуметтік әділеттілік проблемалары, сайып келгенде, осының бәрі әлеуметтанудың назар аударатын және зерттеу пәнінің іргесін қалайтын бірден-бір жол болды. Соның нәтижесінде XIX ғасырда аталмыш мәселелерді шешу жолдарын ұсынған бірнеше жалпы әлеуметтану көзқарасы қалыптасты. Сол көзқарастардан көпшіліктің мойындағаны Георг Вильгельм, Фридрих Гегель, Огюст Конт, Герберт Спенсер, Карл Маркс, кейіннен Эмиль Дюркгейм, Макс Вебер, Габриель Тард, т.б. әлеуметтанушылардың әлеуметтік теориялары болатын. Осы аталған ойшылдардың әрқайсысы тарихи процесті ғылыми түрде түсіндіруге аса құнды үлес қосты. Олардың қоғам дамуы жөніндегі тұжырымдамалары өмірдің және ғылымның алға қойған сауалдарына бірегей және мазмұны терең жауаптар қайтарды, сондықтан да олардың ілімдері қазіргі әлеуметтік проблемаларды шешуде де өздерінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Әлеуметтану әмбебап философия жүйесінен бөлініп, жеке ғылым больш дамығанына қарамастан, өзінің философиялық мазмұнын әлі де толық жойған емес. Ол философиялық мәндегі қоғам дамуына талдау жасау және барынша терең зерттеу жүргізуде жалпы әлеуметтануды кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жалпы теориялық әлеуметгану өзінің іргелі ережелерімен және байыпты қорытындыларымен де, философиялық ғылым тұрғысында да көзге түсіп келеді. Сөйтіп, философиялық алғышарттарға сәйкес жалпы теориялық әлеуметтану қалыптасты. Кейбір философиялық тұжырымдамаларға, жетекші рөл атқарып келген белгілі бір дүниетанымға жалпы теориялық әлеуметтану арқа сүйейді. Бұл тұжырымдаманың ұстанымымен мына мәселелер: қоғам дамуының қозғаушы күштері проблемалары, әлеуметтік процестерді бағыттау мәселелері, тұлғалардың өзара әрекеті, әлеуметтік топтардың және қоғамның арақатынасы, тарихи дамудағы материалдық және рухани дүниенің өзара әрекеті, яғни қоғам өмірі мен дамуының аса іргелі проблемалары шешіледі. Оларды шешу методологиясы, дәлірек айтсақ, басқа да әлеуметгану проблемаларын жүзеге асыруды қажет етеді, соның ішінде жалпыламалыққа біршама қатысты болғанымен, жеке сипаттағы мәселелерді шеруді қолға алады. 6 Әлеуметтанушының осы саланы зерттеу кезінде басшылыққа алатын дүниетанымы мен методологиясы философия мен әлеуметтанудың әрдайым органикалық байланыста болатынын көрсету. Сонымен қатар, бұл ғылым салалары өз дербестіктерін де сақтап келеді. Әлеуметтанудың дербестігін кезінде француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм атап көрсеткен еді. Ол өзінің «Әлеуметтану әдісі» деген еңбегінде «Әлеуметтану ерекше және жеке-дара ғылым» екенін жазьш, оның әлеуметтік фактілерді объективті зерттеуге бағытталғанын түсіндірді. Әлеуметтанудың ғылыми сипаты мен мазмұны жөніндегі осындай байыпты пікірді қазіргі көптеген белгілі әлеуметтанушылар ұстанып отыр, солардың арасында П. Лазарсфельд, Р. Мертон, Т. Парсонс, т.б. бар. Олар әлеуметтануды Философиялық ғылым деп сыңаржақгы пікір білдірген емес. Алайда, олар кептеген әлеуметтік құбылыстарды түсіндіруде философиялық дәлелдемелерге жүгінеді, соның ішінде позитивизм, прагматизм, интуитизм, т.б. солар сияқты ағымдарға сілтеме жасайды. Ол орынды нәрсе. Өйткені қайсыбір қоғамдық құбылысты әлеуеттік терең зерттеу логикасының өзі сол талдау мен сараптаудан туындайтын қорытындыларды философиялық ой елегінен өткізуге әкеліп соқтырады. Түптеп келгенде, қазіргі әлеуметтану тұтас әлеуметтік жүйе күйіндегі, қоғам жөніндегі, оның жүйешелері (подсистема) мен жекелеген элементтері туралы өз алдына дербес ғылым. Кез келген қоғамдық құбылыс қоғамның әлеуметтік жүйесінің элементі болып саналады.

Осы жүйенің шеңберінде бүкіл әлеуметтік құбылыстар мен процестер, олардың өзара бір-бірімен әрекеті ғылыми сараптаудан өтеді Қоғам жүйесі түзілім ретінде өзінің элементтерімен және сол элементтердің кез келген жиынтығымен салыстырғанда ғана ерекше сапаға ие болады. Ежелгі ойшылдардың пайымдауынша, тұтастық өзі қамтитын бөліктердің жиынтығынан әлдеқайда үлкен. Оның элементтері интегративтік тиімділікке жетіп, тұтастық жаңа сапаға ие болады. Бұл жаңа сапалар қоғамның жүйесі ретінде белгіленеді. Қоғам осы сапаларға байланысты езін қалыптастыратын субъектілерден, әлеуметтік институттардан, қоғамдық өмір салаларынан, т.б. сол сияқтылардан дербестігін сақгап қалады. Ең алдымен қоғамның өмір сүру механизмдерін зерттейтін, түрлі субъектілердің өзара әрекетін зерделейтін, ұйымдар мен әлеуметтік институттарды қарастыратын әлеуметтану ғылымы баяндалған жағдайды ерекше белгілеп, дәлелдейді.

5.4.Иллюстративті материал:
а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.
Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин
Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.
Сабақты қорытындылау. 5 мин
5.5. Бақылау сұрақтары:
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:
1.Саяси идеология
2.Саяси идеология және оның қызметтері
3.Саяси сана саяси өмірді сипаттайтын жалпы категория
4.Саясаттану ілімінде бұл тақырыптың маңызы қандай
5.Саяси мәдениет дегеніміз не
6.Саяси мәдениеттің қызметтері
7.Саяси шиеленістер мен дағдарыстардың себептерін түсіндіріңіз.
8.Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөлі қандай?
Үйге тапсырма беру. 5 мин

№8- сабақ

5.1.Тақырыбы: Дүниежүзілік әлеуметтану.
Сағат саны: 90 мин
Сабақ түрі: теория
5.2. Мақсаты: Огюст Конт-позитивтік әлеуметтануды негіздеуші. Герберт Спенсердің әлеуметтану жөніндегі ілімдері. Маркстік әлеуметтанудың ілімдері. Э.Дюрккейм мен М.Вебердің әлеуметтану жөніндегі тұжырымдамалары.
Ұйымдастыру кезеңі:– 5 мин.
